

2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1992 жылы туған азаматтарды шақыру участкесіне тіркеу туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 13 шешімі. Маңғыстау облысының Эділет департаменті Маңғыстау ауданының Эділет басқармасында 2009 жылғы 15 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 11-5-68 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы", "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" заңдары негізінде **ШЕШЕМІН:**

1. 1992 жылы туылған азаматтарды шақыру участкесіне тіркеу 2009 жылдың қаңтар - наурыз айларында жүргізілсін.

2. Шақыру участкесі қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің базасында үйымдастырылсын.

3. Село әкімдері және үйымдардың басшылары:

1992 жылы туылған және бұдан бұрын тіркеуден өтпеген азаматтардың аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру участкесіне белгіленген мерзімде келуін қамтамасыз етсін.

4. "Маңғыстау аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері С.Абаевқа (келісім бойынша) "Маңғыстау аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері Б.Байназаровқа (келісім бойынша) төмендегі қызметтерді іске асыру ұсынылсын:

1992 жылы туылған азаматтарды шақыру участкесіне тіркеу кезінде медициналық күәландыру комиссиясына тәжірибесі мол маман – дәрігерлерді қатыстыру;

2009 жылдың қаңтар - наурыз айларында шақыру участкесіне тіркеуге алынатын азаматтардың флюорографиядан, электрокардиограммадан өтуін, анализдер тапсыруын, қан құрамын айыруын қамтамасыз ету;

азаматтарды шақыру участкесіне тіркеу комиссиясының маман – дәрігерлерін қажетті дәрігерлік аспаптармен, рентгенпленкамен, флюорография, электрокардиограммаға арналған қағазбен қамтамасыз ету;

созылмалы аурулар бойынша диспансерлік есепте тұрғандардың тізімдерін, денсаулық жағдайын сипаттайтын ауру тарихының көшірмесін, дәрігерлік тексерулер мен диспансерлік бақылау мәліметтерін, дәрігерлік амбулаториялық карталарын қорғаныс істері жөніндегі бөліміне 2009 жылдың қаңтар айына дейін тапсыру, комиссия жолдаған азаматтарды кезектен тыс амбулаториялық және стационарлық тексеруден өткізу ді жүзеге асыру.

5. Маңғыстау аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Б.Ақшауовқа (келісім бойынша) төмендегі қызметтерді іске асыру ұсынылсын: азаматтардың тіркеу участеклеріне келуін бақылауды жүзеге асыру және олардың тіркеуден жалтару әрекеттерінің жолын кесу реттілік пен тәртіпті қамтамасыз ету.

6. Азаматтарды шакыру участексіне тіркеу кезінде әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу мақсатындағы жұмыстарын жүргізу және тіркеуден өткізу барысында оларды Қарулы Құштер қатарына қызмет етуге дайындау қорытындысы туралы аудан әкіміне жазбаша хабарлама түсіру, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Б.Қуанбаевқа (келісім бойынша) ұсынылсын.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Е.Махмутовқа жүктелсін.

8. Шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Ж.Албытов

КЕЛІСІЛДІ

Байназаров Бекен Жұманазарұлы
"Маңғыстау аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

22 желтоқсан 2008 ж.

Қуанбаев Бердіхан Аралбайұлы
аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы

22 желтоқсан 2008 ж.

Абаев Сисемалы Тоқжанұлы
"Маңғыстау аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

22 желтоқсан 2008 ж.

Ақшауов Болатбек Ысқақұлы
аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы

22 желтоқсан 2008 ж.